

**Мәртөк ауданындағы Нагорный селолық округін - Тәңірберген ауылдық округі,
Нагорный селосын - Саржансай ауылы деп қайта атау туралы**

Бірлескен Ақтөбе облысы мәслихатының 2006 жылғы 14 наурыздағы N 238 шешімі және Ақтөбе облысы әкімиятының 2006 жылғы 14 наурыздағы N 85 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2006 жылдың 10 сәуіріде N 3176 тіркелді

Ескерту. Орыс тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "аул", "аульный" сөздер "село", "сельский" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Мәртөк аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының Мәртөк ауданындағы Нагорный селолық округін - Тәңірберген ауылдық округі, Нагорный селосын - Саржансай ауылы деп қайта атау туралы ұсыныстары қабылдансын.

*Сессия төрағасы, облыстық мәслихаттың хатшысы
Облыс әкімі*